Орайы келген сұхбат

ӨНЕРДЕ ӨГЕЙЛІК ЖОҚ,

—дейді Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясының ректоры, профессор Д. Қ. ҚАСЕЙІНОВ.

Газетімізде бұдан бұрын хабарланғанындай, жақында облысымызда Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясының камералық оркестрі гастрольде болып,өнер көрсетіп қайтқан-ды.Сол гастрольдік сапар күндерінде біз аталмыш камералық оркестрдің негізін қалаған ұйымдастырған, осы консерваторияның ректоры, скрипка класының профессоры, тамаша музыкант Д. Қ. Қасейіновпен жолығысып, сұхбаттасқан едік. Бүгін сол әңгімені назарларыңызға ұсынып отырмыз.

— Дүйсен Құрабайұлы, әңгімемізді тілші ағайындардың дәстүрлі сауалымен бастайық. Алдымен өзіңіз туралы бір-екі ауыз сөз айта кетсеңіз.

— Туып-өскен жерім — Алтай өлкесіндегі Бийск қаласы. Кезінде Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін елге қайтқан әкейлердің әскери бөлімшесі сол жерге келіп тоқтаған екен. Сонда жүріп Қазақстанның Баянауыл өңірінен көшіп келген қазақ отбасымен танысып, кейін біздің шешеміз екеуі көңіл жарастырып, өз алдарына отау тігеді де сол жерде тұрақтап қалып қояды. Сондай жағдаймен менің де балалық және жастық шақтарым сол қалада өтті. Бірақ, өнер саласындағы негізгі білімді өз атамекеніміздің астанасында алдым. 1965 жылы бітірген Құрманғазы атындағы қазақ мемлекеттік консерваториясында оқып жүргенімде маған қамаша дарын иесі белгілі скрипкашы Иосиф Коган дәріс берді. Одан кейін Чайковский атындағы Москва консерваториясында оқыдым. Оны бітіріп шыққан соң Кеңестер Одағынан Мексикаға арнайы жіберілген 12 музыканттың бірі болып, сонда құрылған интернационалдық симфониялық оркестрдің құрамында үш жыл болдым. Ол жақтан қайтып оралғаннан кейін Алматы консерваториясында кафедра меңгерушісі болып тағайындық еттім. Кешегі Кеңестер Одағы кезіндегі тәртіп өзіңізге де белгілі ғой. Онда партия айтса болды, одан ешкім де бас тарта алмайтын. Сондай жағдаймен менің де көңілім аса қаламаса да екі жылдай Қазақстан Орталық Комитетінде мәдениет саласы бойынша қызмет еткенім бар. Одан кейін осы консерваторияның ректоры болып тағайындалдым.

— Әрине, бұл өзіңіздің өмірнаманызды қысқартып айтқандарыңыз ғой. Бірақ оған қоса біздің білетініміз Сіз Қазақстанда және шет елдерде көптеген музыка акцияларын ұйымдастырып өткізудің бастаушысы болып жүрсіз. Айталық, Орта Азия мен Қазақстан жас орындаушыларының конкурсын он екі жыл үзілістен кейін қайта жалғастыруға үлес қостыңыз, екі рет интернационалдық оркестр құрдыңыз. Олардың алғашқысының құрамында жеті консерваторияның өкілдері болса, екіншісінде он сан он төртке жетті. Сондай-ақ Сіз «Алтын алма» халықаралық музыка фестивалінің көркемдік жетекшісі болдыңыз. Бұлардан басқа да өзіңіздің араласуыңызбен, кейде тікелей басшылығыңызбен атқарылып жатқан игі істер аз емес шығар?

— Тегінде жалғыз бір адамның қолынан мұндай үлкен іс атқару оңайлықпен келмейді ғой. Жаңағы айтқандарыңыздың бәрі көп болып көтерген жүктер. Рас, кейде жақсы бір идея ұсынасың, мүмкіндігің болып, қолыңнан келіп жатса соны ұйымдастырып, жүзеге асыруға көмектесесің. Ал қалғаны бірлесіп атқаратын істер. Мәселен, өткен жылы біздің консерватория студенттерінің камералық оркестр Германияда өткен «Дас Треффен» фестивалінде қатысты. Бұл сапар Германияда өте белгілі адам — Гамбург Жоғарғы музыка мектебінің профессоры М. Стрихарждың ұсынысымен ұйымдастырылған. Өзімізде ұйымдастырылған ірі-ірі шаралардан өткен жылы Орта Азия республикалары мен Башқұртстанның, Әзірбайжанның және Татарстанның қатысуымен халықаралық конкурс, Қазақстанда алғаш рет симфониялық оркестрлердің республикалық «Жас дирижерлер байқауы» өткізілгенін айтуға болады. Енді міне, осы мамыр айында «Түркі халықтарының музыкасы» атты симпозиум өткізгелі отырмыз. Оған бұрынғы Одақ құрамындағы республикалардан көне аспаптарда ойнайтын 50 адам, шетелдерден 40 адам қатысатын болады.

— Бұл айтып отырғандарыңыз ұйымдастырылып, өткізілуі қыруар қаржы шығындап, күш жұмсауды қажет ететін ауқымды істер ғой. Қай шаруаның болмасын орындалуы тек ақшаға келіп тірелетін қазіргі нарық жағдайында бұл мәселелерді қалай шешіп жатырсыздар?

— Иә, қазір бұрынғыдай аңандай іс істейік деп едік, мынандай шараны жүзеге асырайық деп едік соған қаржы керек деп жоғарғы жаққа алақан жайып отыратын кез емес. Әркім өз күнін өзі көруде. Сондықтан біз де бұл қиындықтан шығу жолдарын өзіміз қарастырудамыз. Бұл орайда халықтың рухани қажеттілігін дұрыс түсініп, өнерге өнер адамдарына мүмкіндігінше қол ұшын беріп, көмектесуге дайын тұратын қамқоршы-демеушілерімізге айтар алғысымыз шексіз. Мәселен, осы Ақмолаға келген сапарымыздың шығынын түгелдей Алматыдағы кеміс елшілігі көтеріп отыр.

Рас, кейде «Тәйірі, әнші, музыканттардікі де еңбек болып па? Қолына айыр-күрек ұстап, тер төгіп жүрмыс істеп жатқан жоқ. Ендеше олар жағдайымыз нашар деп жыламаса да болады» деп келте ойлайтындар да бар. Мұны мен өнерсенің парқын білмейтін, таяз ойлы адамдардың түйгені дер едім. Еліміздің іргесін нығайту мақсатында жұрттың бәрі кеңші, құрылысшы, шопан болуы міндет емес шығар. Туған еліміздің көркейіп, дамуы, болашағының жарқын болуы үшін бізге шынайы өнер керек. Өз кезегінде оның да экономикаға тигізетін әсерін, қоғамдық ойсананың көшіне жасайтын ықпалын ұмытпағанымыз жөн. Сондықтан өнердің өзіндік эстетикалық күш-қуатын сақтап қалу үшін, алуан әсерін жоғалтпауы үшін тікелей нарықтық экономика заңдылықтарына кіріптар етіп қоюға болмайды.

— Ел егемендігі демекші, Дүйсен Құрабайұлы, республикамыз өзінің тәуелсіздігін жариялаған соңғы жылдарда кешегі бір кездері ұмыт қалған көптеген ұлттық салт-дәстүрлеріміз қайта жаңғыртылып, қалпына келтірілін жатыр. Бұл жағдай ұлттық өнерімізге де тікелей қатысты. Бүгінде елдің көбі сол ұлттық өнерімізге таза деп қойып отырған сынайды. Ал жастардың қалағаны эстрада, поп, рок. Осындай жағдайда біздің ұлттық өнеріміздің табиғаты өзгешелеу симфониялық, камералық музыка мен балет, опералардың жай-күйі қалай болар екен?

— Иә, алаңдауыңыз әбден орынды. Жаңағы өзіңіз ашқан құбылыстың байқалып отырғаны да шын. Рас, кезінде қысым көріп, кенжелеп қалған ұлттық өнеріміздің кейбір жанрларын қайта дамытуымыз қажет-ақ. Сонымен бірге, егер өркениетті елдер қатарына қосыламыз десек, онда экономика, халық шаруашылығы саласындағы сияқты мәдениет пен өнерде де олар үлкен мән беріп отырған дүниелерден біз де шет қалмауымыз керек. Әлемдік деңгейдегі классикалық дүниелерді жетік меңгеріп, игергенде, танып, қабылдағанда ғана олармен иығымызды тең ұстап, қатар тұра аламыз. Бірақ амал қанша мұндай дүниелерді біздің жастарымыздың аз тыңдайтыны, жете мән бермейтіні жасырын сыр емес. Оны осы өзіміздің консерваторияға қазақ жастарының өте сирек келетінінен де көруге болады. Жыл сайын 160-170 шамасында жоғары білімді музыканттар даярлайтын болсақ, солардың бірен-сараңы ғана біздің балалар.

— Оның сыры неде деп ойлайсыз? Әлде біздің жастарымыз ондай классикалық үлкен дүниелерді түсініп, қабылдай алмай ма?

— Жоқ, олай деуден аулақпын. Қай халықтың, қай ұлттың өкілі болмасын, адамның біреуі болмаса біреуінің игере алмайтын ісі жоқ. Бұл өнерге де тікелей қатысты. Өзіңіз де білетін боларсыз, ұлттық өнеріміздің өзгеше классикалық дүниелерді тамаша игеріп жүрген қыз-жігіттеріміз қаншама. Басқаларын айтпағанда өз шәкірттерімнің арасынан да осы салада өз өнерлерімен танылып жүргендері аз емес. Мәселен, биыл біздің консерваторияны бітіріп, оның аспиранты болып қалуды көздеп отырған К. Жолдыбаев Глинка атындағы халықаралық конкурстың дипломанты болса, тағы да сол Қайыржан мен И. Мәртычева әр төрт жыл сайын Москвада өткізіліп тұратын Чайковский атындағы конкурстың, Украинада өткен Лысенко атындағы байқаудың жүлдегерлері атанды. Сондай-ақ өткен жылы Германияда өткен «Дас Треффен» фестивалі кезінде қазылар алқасының әр қатысушыны жекежеке тыңдағаннан кейін интернационалдық симфониялық оркестрдің концертмейстеріне біздің консерваторияның студенті А. Дүйсенбаевты тағдауы да біраз жайды аңғартса керек.

Сөйте тұрса да бізде классикалық шығармалар тек дайындығы бар аудиторияға арналуы тиіс деген теріс пікір бар. Ол дұрыс емес. Өнерде өгейлік жоқ деген ғой. Өскелең де өміршең классикалық шығармашылық өнер көрушісін де, тыңдаушысын да, оны кімдер орындап жатқанын да таңдамайды. Тамаша тәрбиені, білімді ең алдымен осындай байсалды музыкадан алуға болады. Сондықтан әсіресе жастарымыз келешегінен үміті болса, туған халқымыздың музыкалық мұрасын ғана игеріп, қоймай, симфониялық, камералық, органдық музыканы да тыңдап, түсіне білуі қажет.

— Бұл орайда, өзіңіздің қандай нақтылы ұсыныстарыңыз бар?

— Мәдениет пен өнер — ұлттық категория. Замана желі зуылдай өзгеріп, рухани өмірімізде түрлі-түрлі қайшы құбылыстар белең алып тұрған кезде олар күтіп тұра алмайды. Оны біржола ел экономикасына теліп, кіріптар етіп тастау таңы қиянат, Мәдениет пен өнердің қол-аяғына заңды түрде еркіндік бермей, халқымыздың рухани өрісіне, болашақ мүмкіндіктеріне кеңінен жол аша алмаймыз. Сондықтан облыстар мен аудандардың мәдениет бөлімдері бұл саладағы кадрларды даярлауды өз қамқорлықтарына алып, олардың оқуларына жағдай жасау мүмкіндіктерін қарастырғандары жөн. Мен шет елдердің бұл мәселеге айрықша мән бере қарайтынын атап айтар едім. Мәселен, қазір біздің консерваториямызда Оңтүстік Кореядан, Мозамбиктен, Вьетнамнан, Моңғолиядан, таяу шет елдерден келген жастар оқиды. Биыл Жапониядан келмек. Солардың бәрін сол елдердің өздері қаржыландырып отырады. Жалпы шет елдердің көпшілігі өнерге, оның ішінде музыкаға үлкен ықыласпен қарайды. Соның нақты дәлелі ретінде мен мына бір жайды айта кетейін: Менің американдық бизнесмен танысым, соңдағы бір ірі фирманың өкілі Кирсен Ронар біздің консерваторияда оқитын төрт қазақ студентін өз қамқорлығына алып, оларға көтеріңкі стипендия, үйлеріне барып-қайтқандағы жалақыларын төлеп отыр. Бұл бізге үлгі боларлық-ақ нәрсе емес пе?

— Енді соңғы сауалыма келейін. Биыл сіздердің консерваторияларыңыздың алғаш құрылғанына 50 жыл толғалы отыр ғой. Кеше Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан қиын кезде шаңырақ көтерген бұл білім ордасының осы уақытқа дейін тамаша музыканттар мен осы саладағы кадрлар даярлау ісіне мол үлес қосып келе жатқанын баршаға аян. Оның бәрін тізбелеп айтып жатудың қажеті бола қоймас. Әйтседе, консерваторияның алғашқы кездегі жағдайын қазіргісімен салыстыруға болмайтын шығар. Оқу орнының тыныс-тіршілігінде, іс-қызметінде соңғы кездері болған қандай жаңалықтар бар?

— Консерваториямызға қатысты әңгіменің біразын жаңа жолай айтып өттім ғой. Өмірдің барлық саласындағы сияқты қазіргі қиындықтар біздің де басымызда бар. Бірақ соған қарамастан уақыт талабына сай жұмыс істеуіміз керек. Соған орай еліміз егемендік алып, өзінің тәуелсіздігін жариялағаннан бергі кезеңде консерваторияда жаңадан халық әндері кафедрасы ашылып оқу бағдарламасына этнографиялық музыка, концерттік бағдарламаны ұйымдастырып, жүргізу, опералық-симфониялық дирижерлік пәндері қосылды. Айрықша атап айтар тағы бір жай— кезінде КСРО Мәдениет министрлігінің нұсқау хаты негізінде шығарылған Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің шешімімен 1955 жылдың желтоқсан айынан бастап біздің консерваторияда қазақ тілін оқыту мүлде тоқтатылыпты. Содан күні кешегі дейін мұнда ана тілі оқытылған жоқ. Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы тек 1992 жылы ғана ашылды. Оқуға қабылданып жүрген балалардың көбі дерлік орыс мектептерін бітіргендіктен, олардың тілін сындыру, мемлекеттік тілдің мән-мағынасын түсіндіру оңай емес екені белгілі. Алайда жаңа кафедра ұжымының табандылығының арқасында бұл бағыттағы жұмыстар жүйеленіп, өз нәтижесін бере бастауда.

— Дүйсен Құрабайұлы, шағын әңгімеде шоқтығы бар біраз жайдың төбесі көрінген тәрізді. Шын жанашырлықпен айтқан сөздеріңізге рахмет айта отырып, өнеріңізге шабыт, еңбегіңізге табыс тілейміз.

Әңгімелескен
Төлеубай ҚОЖАСҰЛЫ,
арнаулы тілшіміз.

Ай
Я

Көкшенің Бурабайы
ауылдың Жасыбайы
тың кең жазирасынь
шариясы, табиғаттың
бас сұлулық бейнесі
дай қағып, тамсанып
мізде, олардың да сон
дарда көркі кетіп, жа
ғы жұтауға айналды.
екеуіне жете қойма
жарқыраған айнакөлд
орман-тоғайлы, қыра
бүгінде тұқымы тұзда
кетті деп жүрген ан
құстар ара-тұра кездес
тын Ерейментаудың
табиғатын кемітуге ау
майды. Содан да бол
дан бірнеше жыл б
«қайта құрудың» ке
биолог ғалым-әйел
Прядко «Ерейментау»
латын кітабын шығарь
осы өңірде мемлекеттік
қорық жасауға әбден
деген қорытынды жаса

Осы бір «өзге атаны
сы» көкейдегі көрікті ой
ғап, осындай жап-жақс
ле көтерген болатын.
одан кейінгі заманның
басқа арнаға түсіп кетт
кенді желқайық мін
жел қай бағытқа соқса
ымымен сырғып күй
қалт-құлт етіп тірлік
көштік. Жұтқан ауа, ішк
қоршаған табиғат, онь
мен құсы жайлы әредік
ойға алғанымыз болмас
шымды сөз,сүбелі әңгіме
ған емеспіз. Жүрегіміз
лып қатып қалғандай,
анамыз—табиғатқа, оны
лығына сұлу келбетіне
қыштығымыздың сояудаі
нарын аяусыз батырып
мыз. Өйткені бір ойды
қозғайды демекші, өткен
де әлдеқалай біреудің
сілеусінің терісін көріп,
дан алғандығын сұра
бар. Сөйтсем, ол осы бір
кездесетін даланың аңы
деқалай кез болып, соғы
ған екен. Сонысын мақ
кеніне іштей қатты на
дым.

Ал Г. Ф. Прядко болс
нің жазған аталмыш кіт
да: «Ерейментаудағы қор
алынған жануарлардың ең
тысы аркар. Елік болса, б
лата жойылуға жақын.
кездері Ерейментау орма
ын мекендеген сілеусінд
бүгінде тігерге тұяқ к
жоқ. Суырлардың тағдыр
мүшкіл...» — дейді. О
қарағанда Ерейменнің о
дарында сілеусін қалмаға
ен деп жүрсек, онымыз

ӘНШІ ӨЗ ЖЕРЛЕСТЕРІНІҢ ҚҰШАҒЫНДА

ОРАЛ. Глинка атында
Бүкілодақтық вокалист
байқауының дипломан
Батыс Қазақстан облыст
филармониясының әнш
Жұмағаным Рахимован
А. Островский атында
облыстық драма театрын
өткен жеке концерті ора
дықтар үшін нағыз мере
ге айналды. Облыстық м
дениет басқармасы осы кө
церттің құрылтайшысы, а
Тасқала аудандық әкімші
гі мен коммерциялық құр
лымдар қосалқы құрылта
шылары болды.

Теледидар мен радионь
алтын қорына бір өзі 20
ден астам әндер мен ари
ларды жаздырған Жұмағ
ным — Бибігүл Төлегенов
ның шәкірті. Жерлестерін
алдында осы жолы көрсе
кен кең ауқымды шығарма
шылық есебінде қазақ, орь
әндерін және әлемге әйгі
опералық шығармаларда
арияларды жоғары шебер
лікпен орындап, өз талан
тын құрмет тұтушылард
қуантты.

ҚазТАҒ тілшісі.

МАИ хабарлайды

ЖАЙБАРАҚАТТЫҚ ЖАҚСЫЛЫҚҚА АПАРМАЙДЫ

Жүргізуші, сақ бол!

ЖОЛДАРДЫ ЖӨНДЕУ ЖАУАПТЫ ІС

Автомобиль жолдарында бо- берге қоршаулар мен